

"Авиация персоналы куәліктерін беру және қолданылу мерзімін ұзарту қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2013 жылғы 26 қыркүйектегі № 750 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 19 шілдедегі № 484 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 13 қыркүйекте № 15677 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 50-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Авиация персоналы куәліктерін беру және қолданылу мерзімін ұзарту қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2013 жылғы 26 қыркүйектегі № 750 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8782 болып тіркелген, 2014 жылғы 1 ақпанда "Казахстанская правда" газетінде №22 (27643) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықтың атауы мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"Авиация персоналы куәліктерін беру және олардың қолданылу мерзімін ұзарту қағидаларын бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"1. Қоса беріліп отырған Авиация персоналы куәліктерін беру және олардың қолданылу мерзімін ұзарту қағидалары бекітілсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Авиация персоналы куәліктерін беру және қолданылу мерзімін ұзарту қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Азаматтық авиация комитеті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз тасығыштағы және электрондық нысандағы көшірмелерін Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде көшірмесінің мерзімді басылымдарына ресми жариялауға оның көшірмелерін жіберуді;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларына сәйкес іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму
министрі

Ж. Қасымбек

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ақпарат және коммуникациялар министрі

Д. Абаев _____

2017 жылғы 24 шілде

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі

Т. Сүлейменов _____

2017 жылғы 28 шілде

Қазақстан Республикасы
Көлік және
коммуникациялар министрінің
2013 жылғы 26
қыркүйектегі № 750
бұйрығымен бекітілген
Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің 2017 жылғы
19 шілдедегі № 484
бұйрығының қосымшасы

Авиация персоналы куәліктерін беру және олардың қолданылу мерзімін ұзарту қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Авиация персоналы куәліктерін беру және олардың қолданылу мерзімін ұзарту қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" 2010 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 54-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленіп, авиация персоналы куәліктерін (бұдан әрі – Куәлік) беру және олардың қолданылу мерзімін ұзарту тәртібін анықтайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай терминдер, анықтамалар пайдаланылады:

1) авиациялық персонал – әуе кемелерінің ұшуын, әуе тасымалдарын және авиациялық жұмыстарды орындау және қамтамасыз ету, әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету, әуе қозғалысын ұйымдастыру және оған қызмет көрсету, әуе қозғалысын басқару бойынша қызметті жүзеге асыратын, арнайы және (немесе) кәсіптік даярлығы бар жеке тұлғалар;

2) авиациялық персонал куәлігі – авиациялық персоналдың біліктілігі мен өкілеттігін растайтын құжат;

3) өтініш беруші – авиациялық персонал куәлігін алу үшін азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға жүгінген жеке немесе заңды тұлға (азаматтық авиация ұйымы);

4) авиациялық персонал куәліктерін беру тізілімі (бұдан әрі – Тізілім) – авиациялық персонал куәліктерін беру туралы жазба жазылатын құжат;

5) біліктілік белгісі – куәлікке жазылған немесе оған қатысы бар, оның бөлігі болып саналатын, осы куәлікке қатысты ерекше жағдайлар, құқықтар немесе шектеулері көрсетілетін жазба;

6) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – азаматтық және эксперименттік авиация қызметі мен әуе кеңістігін пайдалану саласындағы басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

7) азаматтық авиация ұйымы (бұдан әрі – АА ұйымы) – азаматтық авиация саласындағы қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға;

8) бақылаудағы әуе кемесінің командирі – уәкілетті орган үшін қолайлы бақылау әдістемесі мен пайдаланушының стандартты процедураларына сәйкес, әуе кемесі командирінің/нұсқаушының бақылауымен әуе кемесі командирінің (бұдан әрі – ӘКК) функциясы мен міндетін орындайтын екінші пилот;

9) ұшу экипажының мүшесі – ұшу уақыты барысында әуе кемесін басқаруға қатысты міндеттер жүктелген, авиациялық персоналдың қолданыстағы куәлігі бар, авиациялық персоналға жататын тұлға.

3. Куәліктер төмендегі авиациялық персоналға беріледі:

1) ұшу экипажының мүшелері:

аса жеңіл әуе кемесінің ұшқышы (планер, мотодельтаплан, автожир, жеңіл аэростат, дирижабль);

жеңіл әуе кемесінің ұшқышы (ұшақ)

жеке ұшқыш (ұшақ, тікұшақ, дирижабль немесе көтеру күшін ұлғайту жүйесі бар әуе кемесінің);

коммерциялық авиация ұшқышы (ұшақ, дирижабль, тікұшақ немесе көтеру күшін ұлғайту жүйесі бар әуе кемесінің);

көпмүшелі экипаж ұшқышы (ұшақ);

авиакомпанияның желілік ұшқышы (ұшақ, тікұшақ немесе көтеру күшін ұлғайту жүйесі бар әуе кемесінің);

2) ұшқыштардан ерекшелетін ұшу экипажының мүшелері:

штурман;

бортинженер;

3) басқа авиациялық персонал:

әуе қозғалысының диспетчері;

әуе кемесіне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персонал;

жеңіл және аса жеңіл әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персонал;

ұшуды қамтамасыз ету жөніндегі қызметкер/ұшу диспетчері;

авиациялық станция операторы.

2-тарау. Авиациялық персонал куәліктерін беру және олардың қолданылу мерзімін ұзарту тәртібі

1-параграф. Жалпы ережелер

4. Куәлік мөлшері 8,7 x 12 сантиметр (бұдан әрі – см) кітапша түріндегі құжат, осы Қағидаларға 1-Қосымшаға сәйкес нысандағы мөлшері 85,72 x 54,03 миллиметр кітап түріндегі Куәлік, осы Қағидаларға 2-Қосымшаға сәйкес нысандағы пластик карточка түріндегі Куәлік болып табылады.

5. Куәліктер авиациялық персоналдың санатына жатқызылуына қарай түс гаммасы мен серия-әріптік кодтау бойынша ерекшеленеді.

Авиациялық персонал куәліктерінің әріптік кодтары мен түстерінің кестесі осы Қағидаларға 3-қосымшада келтірілген.

6. Куәлік берілген күннен бастап, ал мерзімін ұзартқан жағдайда оны уәкілетті органның ұзартқан күнінен бастап бес жылдан аспайтын кезеңге жарамды болып саналады.

Куәліктің қолданылу мерзімі оның ішіндегі Куәліктің қолданылу мерзімін шектейтін біліктілік белгілері мен медициналық қорытындының жарамдылығы бойынша анықталады.

Біліктілік белгісінің әрекет ету мерзімі біліктілік тексеру күнінен бастап саналады, ал әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персонал үшін Куәлікке біліктілік белгісін енгізу күнінен бастап саналады.

Егер Куәлікті ұзартуға арналған құжаттар оның мерзімі аяқталғанға дейін жиырма екі жұмыс күні бұрын берілсе, Куәліктің қолданылу мерзімі үзілмейді. Бұндай жағдайда уәкілетті орган Куәлікті оны берген күннен бастап (бірінші рет ұзартқанда) немесе куәліктің қолданылуы аяқталған күннен бастап (екінші рет және келесі ұзарту кезінде) ұзартады.

Егер осы тармақтың талаптары орындалмайтын болса, Куәліктің қолданылу мерзімі Куәлікті ұзартудың жаңа күнімен анықталады.

7. Өзінде қолданыстағы Куәлігі жоқ авиациялық персоналға әуе кемесінің ұшу экипажы мүшесінің функцияларын орындауға рұқсат етілмейді.

8. Куәліктер куәліктің иесіне, АА ұйымының бірінші басшысына немесе оның сенім жүктелген тұлғаларына беріледі.

9. Куәліктердің берілуі Тізілімде тіркеледі.

10. Осы Қағидалардың 3-тармағында көрсетілген Куәліктерді беруді уәкілетті орган жүзеге асырады.

11. Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналды санамағанда, бүкіл авиациялық персонал үшін Куәлікті беру немесе қолданылу мерзімін ұзарту Заңның 54 - бабы 3-тармағына сәйкес берілген медициналық қорытынды бар болған кезде жүргізілуі мүмкін.

12. Куәлікті беру немесе қолданылу мерзімін ұзарту мерзімі жиырма екі жұмыс күнін құрайды.

13. Куәлікті беруден немесе қолданылу мерзімін ұзартудан төмендегі жағдайларда бас тартылады:

1) Куәлікті алу немесе қолданылу мерзімін ұзарту үшін өтініш беруші ұсынған құжаттардың және (немесе) олардың ішіндегі деректедің (мәліметтердің) дерексіздігінің анықталуы;

2) өтініш берушінің және (немесе) Куәлікті беру немесе қолданылу мерзімін ұзартуға қажетті материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

3) өтініш беруші қатынасында Куәлік алуды немесе оның қолданылу мерзімін ұзартуды талап ететін қызмет етуге немесе қызметтің жеке түрімен айналысуға тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі (үкімі) бар болса;

4) өтініш берушінің қатынасында өтініш берушіні Куәлік алуға немесе оның қолданылу мерзімін ұзартуға байланысты арнайы құқықтан айыратын заңды күшіне енген сот шешімі бар болса.

14. Куәлікті беру немесе қолданылу мерзімін ұзарту кезінде уәкілетті орган ақпараттық жүйелерден алуға болатын құжаттарды талап етпейді. Осы Қағидаларда

көзделген ұсынылатын құжаттардың көшірмелері нотариус арқылы немесе өтініш берушінің мөрімен (бар болған жағдайда) куәландырылады.

15. Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналдар үшін ескі Куәліктің "Ratings" бөліміне енгізілген барлық жазбалар көшіріп жазуға жатқызылады. "Special Remarks" бөлімінде жазылған жазбалар, Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналдың куәлігіне қосымша беру туралы деректерді (XV тармақ) есептемегенде, жаңа Куәлікке жазуға жатқызылмайды.

2-параграф. Ұшу экипажы мүшелерінің Куәліктерін беру және қолданылу мерзімін ұзарту

16. Ұшу экипажы мүшелерінің куәлігін алу үшін өтініш беруші уәкілетті органға төмендегі құжаттарды ұсынады:

1) өтініш:

ұшқыш үшін – жеке ұшқыш (ұшақ, тікұшақ, дирижабль немесе көтеру күшін ұлғайту жүйесі бар әуе кемесінің); коммерциялық авиация ұшқышы (ұшақ, дирижабль, тікұшақ немесе көтеру күшін ұлғайту жүйесі бар әуе кемесінің); көп мүшелі экипаж ұшқышы (ұшақ); авиакомпанияның желілік ұшқышы (ұшақ, тікұшақ немесе көтеру күшін ұлғайту жүйесі бар әуе кемесінің), ұшқыш немесе біліктілік куәлігін беру, қолданылу мерзімін ұзарту үшін осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысандағы өтініш;

жеңіл және аса жеңіл әуе кемелерінің ұшқыштары үшін өтініш жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН) көрсетіліп, сонымен қатар ақпараттық жүйелерде бар болатын, заңмен қорғалатын құпия болып табылатын мәліметтерді қолдануға келісім жазылып, ерікті нысанда жазылады;

штурман куәлігін немесе біліктілік белгісін беру, қолданылу мерзімін ұзарту үшін штурман өтініші осы Қағидалардың 5-Қосымшасына сәйкес нысан бойынша;

бортинженер куәлігін немесе біліктілік белгісін беру, қолданылу мерзімін ұзарту үшін бортинженер өтініші осы Қағидалардың 6-Қосымшасына сәйкес нысан бойынша;

2) авиациялық оқу орталығын (бұдан әрі – АОО) немесе авиациялық оқу орнын аяқтау туралы құжаттардың көшірмелері;

3) кешенді жаттықтыру құрылғысында (LPC) соңғы тексеру нәтижелері туралы актінің (нысанның) көшірмесі, ұшақ немесе тікұшақ ұшқыштары үшін осы Қағидалардың 7-Қосымшасына сәйкес нысан бойынша ұшу тексерісінің актісі немесе осы Қағидалардың 8-Қосымшасына сәйкес нысан бойынша ұшу тексерісі актісінің көшірмесі;

4) осы Қағидалардың 9-қосымшасына сәйкес нысан бойынша АА ұйымының қолымен және мөрімен (бар болған жағдайда) куәландырылған ұсыну (ұшу экипажының мүшелеріне);

5) шетел азаматтары үшін жеке тұлғаны куәландыратын құжаттың нотариус куәландырған көшірмесі;

6) екі фотосурет (түрлі-түсті, күнгірт, мөлшері 3,5 x 4,5 см, фотоға қараған жақтан оң жағында бұрышы бар);

7) тиісті медициналық қорытынды көшірмелері;

8) радиотелефон байланысында қолданылатын ағылшын тілін білуге тестілеуден өтуін растайтын сертификат көшірмесі (халықаралық ұшуларды орындайтын ұшу экипажының мүшелері үшін);

9) "Қауіп пен қателіктер факторларын бақылау принциптерін қосқанда адам мүмкіндіктері" курсынан өтуді растайтын құжат көшірмелері;

10) ұшу кітапшасынан үзінділердің көшірмелері (мемлекеттік авиациядан келгендер үшін);

11) толтырылған Сәйкестік парағы, осы Қағидалардың 10-қосымшасына сәйкес нысан бойынша әскери есепті есепке алу (мемлекеттік авиациядан келгендер үшін);

12) Куәліктің түпнұсқасы (Куәлік бүлінген жағдайда).

17. Аса жеңіл немесе жеңіл әуе кемесі ұшқышының Жеңіл және аса жеңіл авиациясының авиациялық персоналының куәлігін шетел азаматына беру, егер шетел азаматы Қазақстан Республикасының АОО-да арнайы немесе кәсіби дайындықтан өткен жағдайда жүргізіледі.

18. Азаматтық авиацияға мемлекеттік авиациядан жұмысқа қабылданған авиациялық персоналға Куәлік беруді уәкілетті орган ол АОО-да қайта даярлаудан өткен соң ғана жүзеге асырады.

Куәліктер білімі, іскерлігі және бұрын игерген әуе кемелерінің типтеріндегі дағдыларын есепке ала отырып беріледі.

19. Ұшу экипажы мүшелерінің куәлігін қолданылу мерзімін ұзарту үшін өтініш беруші уәкілетті органға төмендегі құжаттарды ұсынады:

1) өтініш:

ұшқыш үшін – жеке ұшқыш (ұшақ, тікұшақ, дирижабль немесе көтеру күшін ұлғайту жүйесі бар әуе кемесінің); коммерциялық авиация ұшқышы (ұшақ, дирижабль, тікұшақ немесе көтеру күшін ұлғайту жүйесі бар әуе кемесінің); көп мүшелі экипаж ұшқышы (ұшақ); авиакомпанияның желілік ұшқышы (ұшақ, тікұшақ немесе көтеру күшін ұлғайту жүйесі бар әуе кемесінің), ұшқыш немесе біліктілік куәлігін беру, қолданылу мерзімін ұзарту үшін осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысандағы өтініш;

жеңіл және аса жеңіл әуе кемелерінің ұшқыштары үшін өтініш жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН) көрсетіліп, сонымен қатар ақпараттық жүйелерде бар болатын, заңмен қорғалатын құпия болып табылатын мәліметтерді қолдануға келісім жазылып, ерікті нысанда жазылады;

штурман куәлігін немесе біліктілік белгісін беру, қолданылу мерзімін ұзарту үшін штурман өтініші осы Қағидалардың 5-Қосымшасына сәйкес нысан бойынша;

бортинженер куәлігін немесе біліктілік белгісін беру, қолданылу мерзімін ұзарту үшін бортинженер өтініші осы Қағидалардың 6-Қосымшасына сәйкес нысан бойынша;

2) кешенді жаттықтыру құрылғысында (LPC) соңғы тексеру нәтижелері туралы актінің (нысанның) көшірмесі, ұшақ немесе тікұшақ ұшқыштары үшін осы Қағидалардың 7-Қосымшасына сәйкес нысан бойынша ұшу тексерісінің актісі немесе осы Қағидалардың 8-Қосымшасына сәйкес нысан бойынша ұшу тексерісі актісінің көшірмесі;

3) теориялық білімдерін тексеру нәтижелерінің бланкісі (нысаны) көшірмесі;

4) радиотелефон байланысында қолданылатын ағылшын тілін білуге тестілеуден өтуін растайтын сертификат көшірмесі (халықаралық ұшуларды орындайтын ұшу экипажының мүшелері үшін);

5) тиісті медициналық қорытындының көшірмесі;

6) "Қауіп пен қателіктер факторларын бақылау принциптерін қосқанда адам мүмкіндіктері" курсы өтуді растайтын құжат көшірмелері;

7) Куәліктің түпнұсқасы (егер Куәлікке қосымша парақ берілетін болса, Куәліктің көшірмесі).

Егер кешенді жаттықтыру құрылғысында дағдыларын тексеру Part-FCL Ұшулар қауіпсіздігі жөніндегі Еуропалық агенттік қағидалары бойынша жүргізілсе, бұндай жағдайда куәліктердің біліктілік белгілерінің қолданылу мерзімін ұзарту олардың қағидалары бойынша (ұшу экипажының мүшелері үшін) жүргізіледі.

3-параграф. Әуе қозғалысы диспетчерінің куәлігін беру және қолданылу мерзімін ұзарту

20. Әуе қозғалысы диспетчерінің куәлігін алу үшін өтініш беруші уәкілетті органға тмендегі құжаттарды ұсынады:

1) ЖСН көрсетілген ерікті нысандағы өтініш және ақпараттық жүйелерде болатын, заңмен қорғалатын құпия болып табылатын мәліметтерді қолдануға келісім;

2) АОО-ны немесе авиациялық оқу мекемесін аяқтағаны туралы құжаттардың көшірмелері және осы Қағидалардың 11-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Біліктілік емтиханын жүргізу хаттамасының көшірмесі;

3) осы Қағидалардың 12-қосымшасына сәйкес нысан бойынша АА ұйымының қолымен және мөрімен (бар болған жағдайда) куәландырылған ұсыну (ӘК ТҚ жөніндегі персоналдан басқа авиациялық персонал үшін);

4) екі фотосурет (түрлі-түсті, күңгірт, мөлшері 3,5 x 4,5 см, фотоға қараған жақтан оң жағында бұрышы бар);

5) тиісті медициналық қорытынды көшірмелері;

6) "Қауіп пен қателіктер факторларын бақылау принциптерін қосқанда адам мүмкіндіктері" курсының өтуді растайтын құжат көшірмелері;

7) Куәліктің түпнұсқасы (Куәлік бүлінген жағдайда).

21. Әуе қозғалысы диспетчерінің куәлігінің қолданылу мерзімін ұзарту үшін өтініш беруші уәкілетті органға төмендегі құжаттарды ұсынады:

1) ерікті нысандағы өтініш;

2) осы Қағидалардың 11-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Біліктілік емтиханын жүргізу хаттамасының көшірмесі;

3) Куәліктің түпнұсқасы;

4) тиісті медициналық қорытындының көшірмесі;

5) мамандығы бойынша біліктілігін қолдау жөніндегі уақыт бойынша соңғы курстардан өту туралы құжаттардың көшірмелері;

6) "Қауіп пен қателіктер факторларын бақылау принциптерін қосқанда адам мүмкіндіктері" курсының өтуді растайтын құжат көшірмелері.

4-параграф. Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналдың куәліктерін беру және мерзімін ұзарту

22. Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналы куәлігін алу үшін өтініш беруші уәкілетті органға келесі құжаттарды ұсынады:

1) Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналдың куәлігі үшін өтініші осы қағиданың 13-қосымшасына сәйкес үлгі бойынша;

2) бір немесе бірнеше модуль түрінде бастапқы дайындық бағдарламасы бойынша емтихан тасырғанын растайтын құжаттардың көшірмесі, сертификаттың немесе дипломның берілген күнінен бастап оқыған мерзімі 10 жылдан аспауы тиіс, ал мемлекеттік авиация қызметін тамадаған соң азаматтық авиацияда әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету куәлігін алуға үміткер мемлекеттік авиация әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету саласындағы персоналы үшін – әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету саласындағы еңбек өтілі үздіксіз болған жағдайда, азаматтық авиация оқу орнын тамамдаған күннен бастап, 15 жыл;

3) осы қағиданың 14-қосымшасына сәйкес үлгі бойынша әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналдың жеке журналының көшірмесі;

4) осы қағиданың 14-қосымшасына сәйкес үлгі бойынша әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналдың жеке мәліметтері;

5) екі фотосурет (түрлі түсті, күңгірт, мөлшері 3,5 x 4,5 см фотоға қарап тұрған тұлға жақтан оң жақта бұрышы бар);

6) бастапқы даярлау бағдарламасын дербес игергеннен кейін немесе азаматтық авиация оқу орталығын, авиация институтын, авиация училищесін, авиация техникумын немесе авиация колледжін бітіргеннен кейінгі емтихандарды сәтті

тапсырғанын растайтын құжаттардың көшірмелері. (арнайы кәсіби даярлық бағдарламаларының бірі немесе одан асатын емтихандарды "А", "В1" немесе "В2" санаттары) модулі түрінде сертификаттың немесе дипломның берілген күнінен бастап оқыған мерзімі 10 жылдан аспауы тиіс;

7) адамның мүмкіндіктері бойынша курстан өкендігі туралы құжаттардың көшіресі, 9А немесе 9В модулі көлемінде қауп және қателер факторларын бақылау принциптері ескеріліп "ӘК техникалық қызметкөрсетуге қолданылатын адамның мүмкіндіктері";

8) "Қазақстандық және халықаралық авиация заңнамасы" 10RK модулі көлемінде курсы өткендігі туралы құжаттардың көшірмесі;

9) Куәліктің түпнұсқасы (Куәлік бүлінген жағдайда).

23. Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналы куәліктерінің мерзімін ұзарту үшін өтініш беруші уәкілетті органға келесі құжаттарды ұсынады:

1) әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналдың куәлігі үшін өтініш осы қағиданың 13-қосымшасына сәйкес үлгіде;

2) Куәліктің түпнұсқасы және оның қосымшасы;(XV тармақ).

24. Жеңіл және аса жеңіл әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналдың куәлігін беру немесе куәліктің қолдану мерзімін ұзартуды, әуе кемелерін бірігіп пайдаланушылардың (бұдан әрі - коммерциялық емес ұйым), коммерциялық емес ұйымдардың тұрақты әрекет ететін комиссиясының ұсынуы және шешімінің негізінде уәкілетті орган жүзеге асырады.

25. Жеңіл және аса жеңіл әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналдың куәлігін беру немесе куәліктің қолдану мерзімін ұзарту кезінде, уәкілетті орган осы куәліктің XII (Ratings) және XIII (SpecialRemarks) тармақтарына біліктілік және арнайы белгілер енгізбейді.

5-параграф. Ұшуды қамтамасыз ету жөніндегі қызметкеріне/ ұшу диспетчеріне, авиация станциясы операторына куәлік беру және куәліктің қолдану мерзімін ұзарту

26. Ұшуды қамтамасыз ету жөніндегі қызметкері/ ұшу диспетчері, авиация станциясы операторы куәлігін алу үшін өтініш беруші уәкілетті органға келесі құжаттарды ұсынады:

1) ЖСН көрсетілген, еркін түрде жазылған өтініш, сонымен қатар ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияларды, мәліметтерді пайдалануға келісу;

2) өтінішті берген сәттегі сәйкес теориялық білімін, практикалық оқуы мен тәжірибесін, мамандығы бойынша біліктілігін қолдау жөнінде соңғы курстан өткенін растайтын құжаттардың көшірмелері;

3) объективті (ақиат) мәліметтерімен, қол және мөр қойылып расталған ұсыну (ӘК ТҚ жөніндегі персоналдан бөлек, басқа авиациялық персонал үшін) АА ұйымдары (болған жағдайда) осы қағиданың 12-қосымшасына сәйкес;

4) екі фотосурет (түрлі түсті, күңгірт, мөлшері 3,5 x 4,5 см фотоға қарап тұрған тұлға жақтан оң жақта бұрышы бар);

5) "Адамның мүмкіндіктері, қауіп және қателер факторларын бақылау принциптері" бойынша курстан өкендігі туралы құжаттардың көшіресі;

6) Куәліктің түпнұсқасы (Куәлік бүлінген жағдайда).

27. Ұшуды қамтамасыз ету жөніндегі қызметкері/ ұшу диспетчері, авиация станциясы операторы куәліктің қолдану мерзімін ұзарту үшін өтініш беруші уәкілетті органға келесі құжаттарды ұсынады:

1) еркін түрде жазылған өтініш,

2) мамандығы бойынша біліктілігін қолдау жөнінде соңғы курстан өткенін растайтын құжаттардың көшірмелері;

3) куәлік түпнұсқасы;

4) "Адамның мүмкіндіктері, қауіп және қателер факторларын бақылау принциптері" бойынша курстан өкендігі туралы құжаттардың көшіресі;

3-Бөлім. Авиациялық персоналдың куәлігіне біліктілік және арнайы таңбаларды енгізу тәртібі

1-параграф. Жалпы ереже

28. Куәлік қолмен баспа әріппен айқын әрі анық, қара сиямен, пастамен немесе гельді қаламмен толтырылады. Куәлікке жалпы ақпаратты енгізу мақсатында мөртабан мен мөр басуға болады. Тазартып өшіру, түзету және жөндеуге жол берілмейді.

29. Куәліктің әрбір тармағына белгілі ақпарат сәйкес келеді.

Куәліктің I тармағынан XIV тармағына дейін барлық авиациялық персонал үшін жалпы болып келеді, ал XII, XIII және XV тармақтарын осы Қағиданың 16 және 17-қосымшаларына сәйкес куәлікке қосымша бет негізгі Куәліктен бөлек бөлігінде қарастыруға болады.

30. Куәлікте рим цифрымен нөмірленетін 15 тармақ бойынша мемлекеттік және ағылшын тілінде ақпарат болады. Пластик карта түріндегі куәлікте 13 тармақ және тек ағылшын тіліндегі ақпарат болады.

31. Куәлікті ресімдеу және толтыру тәртібі:

1) I тармақта мемлекеттің атауы (жартылай қалың қаріппен) көрсетіледі;

2) II тармақта куәліктің атауы (қалың қаріппен) көрсетіледі;

3) III тармақта куәлікке уәкілетті органның берген сериялық нөмірі (араб цифрларымен) көрсетіледі;

4) IV тармақта қазақ тілінде немесе ағылшын тілінде куәлік иесінің аты-жөні, тегі (әкесін көрсету міндетті талап емес), туған күні (күні, айы, жылы) көрсетіледі.

Туған күні араб цифрларымен көрсетіледі;

5) V тармақта куәлік иесінің мекенжайы көрсетіледі, ол "Қазақстан Республикасы" немесе "Republic of Kazakhstan" жазбасымен шектелуі мүмкін, пластик карточка түріндегі куәлікте V тармақ қолданылмайды;

6) VI тармақта куәлік иесінің азаматтығы ағылшын тілінде көрсетіледі;

7) VII тармақта куәліктің иесі өз қолын қояды. Осы бетте қойылған қолдың үстіне куәлік иесінің бас киімсіз бет-пішінін түсірген фотосуреті (түрлі-түсті, күңгірт, көлемі 3,5 x 4,5 болатын, бұрышы оң жақта) желімделеді. Фотосуреті мен жеке қолы куәлікті берген уәкілетті органның елтаңбалы мөрімен куәландырылады, пластик карточка түріндегі куәлікте уәкілетті органның елтаңбалы мөрі қойылмайды;

8) VIII тармақта Қазақстан Республикасының куәлікті берген ресми органының атауы көрсетіледі;

9) IX тармақта куәліктің жарамдылық мерзімі, сондай-ақ уәкілетті органның лауазымды тұлғасының тегі жазылады және оның қолы қойылады, пластик карточка түріндегі куәлікте тек куәліктің қолданылу мерзімі ғана көрсетіледі. Қойылған қолы уәкілетті органның елтаңбалы мөрімен куәландырылады. Куәліктің жарамдылық датасы осы Қағидалардың 6-тармағындағы талаптармен анықталады;

10) куәліктің X тармағында куәлікті берген уәкілетті органның лауазымды тұлғасының қолы және куәлікті беру датасы қойылады;

11) XI тармақта куәлікті берген уәкілетті органның елтаңбалы мөрі қойылады, пластик карточка түріндегі куәлікте иесінің тегі, аты, туған күні және куәліктің нөмірі бар 2 жолдан тұратын магнитті машинаоқитын аймақ қойылады;

12) XII (Rating) тармақта:

бір ұшқыш басқаратын ұшақтардың ұшқыштарының куәліктерінде әуе кемесінің класы мен түрі көрсетіледі;

ұшақ пилотының куәлігінде құрал бойынша ұшуға рұқсат SE (IR) бір қозғалтқышты немесе ME (IR) көп қозғалтқышты ұшақ үшін көрсетіледі (желілік немесе коммерциялық пилот куәлігінің иесі үшін міндетті);

ұшақ пилоты немесе мен көп мүшелі экипажы бар тікұшақтар пилоты куәліктерінде ӘК-інің типі, сондай-ақ берілген біліктілігіне қарай (KBC (PIC) лауазымы немесе екінші пилот (Co-Pilot) көрсетіледі;

штурмандар, бортинженерлер куәліктерінде ӘК-нің типі көрсетіледі;

ӘҚҚ диспетчері куәлігінде куәлік иесі жұмысқа жіберілген біліктілік белгісінің санаттары көрсетіледі;

авиациялық станция (теңіз қондырғысында орналасқан) операторы куәлігінде куәлік иесі жұмысқа жіберілген теңіз қондырғысының тік ұшақ айлағының атауы көрсетіледі;

әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі мамандардың куәлігінде әуе кемелерінің және қозғалтқышының типі көрсетіледі, қабылданған халықаралық қысқартуларға сәйкес әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі мамандардың санатының бірі "А", "В1", "В2", немесе "С";

жеңіл және аса жеңіл әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі мамандардың куәлігінде В3 санаты және әуе кемесінің түрі немесе типі, күштік қондырғысы көрсетілмей, көрсетіледі;

жеңіл және аса жеңіл авиацияның авиациялық персоналының жазбасы коммерциялық емес ұйымның лауазымды тұлғасының қолымен, және коммерциялық емес ұйымның мөртаңбасымен (болған жағдайда) расталатын куәліктерді алмағанда, куәліктердің "Ratings" бөліміндегі жазбалар уәкілетті органның лауазымды тұлғасымен және уәкілетті органның елтаңбалық мөртаңбасымен расталады;

пластик түріндегі пилот куәлігінің қосымшасында "Ratings" бөліміндегі жазбалар емтихан алушының қолымен расталады.

13) куәліктердің XIII (Special Remarks) тармағына келесі деректер енгізіледі:

нұсқаушылық жұмысқа рұқсаттама;

радиотелефон байланысында қолданылатын ағылшын тілін меңгеру деңгейі туралы белгі;

"А", "В1", "В2" және "С" санатты әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі мамандар үшін Қосымшаның жеке нөмірі (XV тармақ) және оның берілген күні, және де жазбалар уәкілетті органның лауазымды тұлғасының қолымен расталмайды.

Авиациялық персонал куәлігінің XII және XIII тармақтарын толтыру үлгілері осы Қағиданың 18-қосымшасында берілген.

14) Куәліктің XIV (The place of work) тармағында куәліктің иесі жұмыс істейтін АА ұйымының атауы көрсетіледі. Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету персоналы куәлігінің иесі үшін персоналдың жұмыс орны туралы деректер енгізілмейді.

15) Уәкілетті орган "В3" санатын алмағанда, "А", "В1", "В2" және "С" санатты әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету персоналы куәлігіне нөмірі, берілген куәліктің санаты (санаттары), куәлік жарамды болып табылатын шектеулер мен талаптар көрсетілетін қосымша береді. "А", "В1", "В2" санатты әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету персоналының қолданыстағы куәлігін жаңа санатпен немесе қосымша санатпен толықтыруға және олардың иесіне қойылатын талаптар осы Қағиданың 19-қосымшасында, әуе кемелерінің рейтингі бойынша талаптар осы Қағиданың 20-қосымшасында келтірілген.

"А", "В1", "В2" және "С" санатты әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету персоналының куәліктері куәліктің қосымшасынсыз (XV тармақ) жарамсыз болып табылады.

Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету персоналы куәліктерінің қосымшасындағы ақпарат (XV тармақ) орыс және ағылшын тілдерінде, ауыспалы деректер – мемлекеттік немесе ағылшын тілінде басылып жазылады.

Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету персоналы куәліктерінің қосымшасы (XV тармақ) көгілдір түсті А4 нысанындағы қағазда басылады.

Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету персоналы куәліктерінің қосымшасы (XV тармақ) бүлінген немесе жоғалған жағдайда өтініш берушінің өтініші негізінде қайта беріледі.

Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету персоналы куәліктерінің қосымшасының (XV тармақ) мазмұнына өзгерістер енгізілген жағдайда, иесіне берілген санат/қосымша санат дәрежесінің өзгеруін, сондай-ақ шектеулер енгізу немесе оны алуды қоса алғанда, уәкілетті орган қосымшаға жаңа нөмір береді және куәліктің XIII "Special Remarks" тармағына қосымша берілгені туралы жаңа белгі қояды.

32. Пилот куәлігінің иесі ӘК түрінің ӘКК ретіндегі біліктілік белгісі және нұсқаушының арнайы белгісі (куәліктің (Special remarks) XIII тармағы) бар болса, оқу ұшуын орындауға жіберіледі.

33. ӘКК немесе ұшақтың, тік ұшақтың, дирижабль, еркін аэростат, планер, мотодельтаплан, автожир, көтеру күшін ұлғайту жүйесі бар ӘК екінші пилоты қызметін атқару үшін тиісті куәлік болуы тиіс.

34. Әуе кемесінің түрі куәлік атауының өзінде көрсетіледі немесе куәлікке біліктілік белгісі ретінде енгізіледі.

35. Егер пилот куәлігін алғаш алатын үміткер тиісті куәлікті алу үшін қажетті білімі мен дағдысын жақсы көрсетсе, біліктілікке тексеру кезінде пайдаланылған әуе кемесінің түріне немесе сыныбына сәйкес келетін әуе кемесінің түрі мен біліктілік белгісі бар пилот куәлігі беріледі.

36. Егер пилот куәлігінің иесі қосымша әуе кемесінің түрі үшін куәлік алуға үміттенсе және қажетті білімі мен дағдысын жақсы көрсетсе, өтініш берушіге осы әуе кемесінің түріне қосымша тиісті пилот куәлігі беріледі немесе алғашқы берілген пилот куәлігіне әуе кемесінің түрі туралы жаңа біліктілік белгісі енгізіледі.

37. Біліктілік белгісін енгізу мерзімдері:

ұшу экипаждарының мүшелері үшін – жыл сайын немесе біліктілік белгісі мерзімінің аяқталуы бойынша;

ӘКК диспетчерлері және авиациялық станция (теңіз қондырғысында орналасқан) операторлары үшін – екі жылда бір рет немесе біліктілік белгісі мерзімінің аяқталуы бойынша;

әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету персоналы және ұшуды қамтамасыз ету жөніндегі қызметкерлер/ұшу диспетчері үшін біліктілік белгісі мерзімін ұзарту талап етілмейді. Оның мерзімі куәліктің қолданылу мерзімімен шектеледі.

38. Арнайы белгілердің мерзімін ұзарту мерзімдері:

1) нұсқаушылық жұмысқа рұқсаттама:

ұшу экипаждары мен ӘҚК диспетчерлері үшін – үш жылда бір рет немесе арнайы белгі мерзімінің аяқталған кезінде;

2) радиотелефон байланысында пайдаланылатын ағылшын тілін меңгеру деңгейі туралы белгі:

4-деңгей - үш жылда бір рет немесе арнайы белгі мерзімінің аяқталған кезінде ұзартылады;

5-деңгей - алты жылда бір рет немесе арнайы белгі мерзімінің аяқталған кезінде ұзартылады;

6-деңгей – ұзарту қажет емес.

2 параграф. Ұшу экипажы мүшелерінің куәлігіне біліктілік және арнайы белгілерді енгізу

39. Бір ұшқыш басқаратын ұшулар үшін куәландырылған ұшақтарға класс жөніндегі біліктілік белгілері белгіленеді және оның құрамына :

бір қозғалтқышты, құрлықтағы (поршенді – SEP (land), газ турбиналы – SET (land));

бір қозғалтқышты, гидроұшақ (поршенді – SEP (sea), газ турбиналы – SET (sea));

көп қозғалтқышты, құрлықтағы (поршенді – MEP (land)), газ турбиналы – MET (land));

көп қозғалтқышты, гидроұшақ (поршенді – MEP (sea), газ турбиналы – MET (sea)) кіреді.

Ескерту. Осы тармақтың талаптары уәкілетті органның негізгі құрылымның шеңберінде класс туралы басқа классификациялық белгілерді енгізуін жоққа шығармайды.

40. Әуе кемелерінің түрі туралы біліктілік белгілері төмендегілер үшін белгіленеді:

1) кемінде екі ұшқышы бар, ең аз экипажымен ұшуға арналған сертификатталған әуе кемесі;

2) көтергіш күші артатын жүйесі бар әуе кемесі мен тікұшақ;

3) куәлікті беретін уәкілетті орган мұны қажет деп тапқан кезде, кез келген әуе кемесі.

41. Ұшу экипажы мүшелерінің куәлігіне біліктілік және арнайы белгілерді енгізу үшін өтініш беруші уәкілетті органға мына құжаттарды ұсынады:

1) өтініш:

ұшқыш үшін – жеке ұшқыш (ұшақ, тікұшақ, дирижабль немесе көтергіш күші артатын жүйесі бар әуе кемесі); коммерциялық авиацияның ұшқышы (ұшақ, тікұшақ, дирижабль немесе көтергіш күші артатын жүйесі бар әуе кемесі); көпмүшелі экипаж ұшқышы (ұшақ); авиакомпанияның желілі ұшқышы (ұшақ, тікұшақ немесе көтергіш күші артатын жүйесі бар әуе кемесі); осы Қағиданың 4-қосымшасына сәйкес нысанда

біліктілікті немесе немесе ұшқыш куәлігінің әрекет ету мерзімін ұзартуға, беруге өтініш;

жеңіл және өте жеңіл әуе кемелерінің ұшқыштары үшін өтініш еркін түрде жеке идентификациялық нөмірді (бұдан әрі - ИИН) көрсете отырып құрастырылады, сонымен қатар ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалған құпия болып табылатын мәліметтерді қолдануға келісім;

штурмандар үшін беруге, осы Қағиданың 5-қосымшасына сәйкес нысанда біліктілік белгісін немесе штурман куәлігінің әрекет ету мерзімін ұзартуға өтініші;

бортинженерлер үшін беруге, осы Қағиданың 6-қосымшасына сәйкес нысанда біліктілік белгісін немесе бортинженер куәлігінің әрекет ету мерзімін ұзартуға өтініші;

2) рұқсаттау (шектеулер және құқықтар) туралы бұйрықтың көшірмесі;

3) мамандық бойынша соңғы қайта даярлау немесе біліктілікті қолдау курстарын өткендігін растайтын құжаттардың көшірмелері;

4) кешенді жаттығу құрылғысындағы (LPC) соңғы тексеріс нәтижесі туралы акт (форма), осы Қағиданың 7-қосымшасына сәйкес нысанда ұшақ немесе тікұшақ ұшқыштарына арналған ұшу тексерісі актісі, осы Қағиданың 8-қосымшасына сәйкес нысанда ұшу тексерісі актісінің көшірмесі;

5) соңғы инструктор ретінде даярлау курстарының өткендігін және ұшу тексерісі (қажет болса) нәтижесін растайтын құжаттардың көшірмесі;

6) радиотелефон байланысында қолданылатын (қажет болған жағдайда) ағылшын тілі білімін тестілеуден өткендігін растайтын сертификаттың көшірмесі.

42. Коммерциялық әуе тасымалдарында қатыспайтын жеңіл және өте жеңіл авиацияның авиациялық персоналы қолданыстағы куәлікке біліктілік және арнайы белгілерді енгізу үшін коммерциялық емес ұйымға осы Қағиданың 41-тармағына сәйкес құжаттарды ұсынады.

43. Жеңіл және өте жеңіл авиацияның авиациялық персоналының біліктілік деңгейін коммерциялық емес ұйымның тұрақты жұмыс істейтін біліктілік комиссиясы анықтайды.

Коммерциялық емес ұйымның біліктілік комиссиясының құрамы уәкілетті органдармен келісіледі.

44. Біліктілік белгілері әрекет мерзімі айдың соңына дейін ұзартылады, сол уақытта олардың әрекет ету мерзімдері аяқталады.

Егер біліктілік белгілерінің әрекет мерзімі 90 күннен 1 (бір) жылға дейінгі мерзім шегінен өтіп кеткен болса, біліктілік белгілерінің әрекетін жаңарту үшін уәкілетті органға осы Қағиданың 19-тармағында көрсетілген құжаттар ұсынылады.

Егер біліктілік белгілерінің әрекет мерзімі 1 (бір) жылдан астам өтіп кеткен болса, олардың әрекетін жаңарту үшін уәкілетті органға осы Қағиданың 19-тармағында көрсетілген құжаттар ұсынылады.

3 параграф. Әуе қозғалысының диспетчері, ұшуды қамтамасыз ету жөніндегі қызметкердің/ұшу диспетчерінің, авиациялық станса операторының куәлігіне біліктілік және арнайы белгілерді енгізу

45. ӘҚҚ диспетчерінің біліктілік белгілеріне келесі белгі санаттары кіреді:

- 1) әуеайлақ диспетчері;
- 2) жақындау процедуралық бақылау диспетчері;
- 3) бақылау құралдарын қолданатын жақындау бақылау диспетчері;
- 4) ӘҚҚ ауданының процедуралық бақылау диспетчері;
- 5) бақылау құралдарын қолданатын ӘҚҚ ауданының бақылау диспетчері.

46. ӘҚҚ диспетчерінің біліктілік белгілері келесі диспетчерлік пункттерге сәйкес келеді:

1) әуеайлақ диспетчері біліктілігі – рульдеу диспетчерлік пунктісіне немесе бастапқы диспетчерлік пунктке немесе мұнара диспетчерлік пунктісіне дербес жұмысқа рұқсаты бар тұлғаларға беріледі;

2) жақындау процедуралық бақылау диспетчері немесе бақылау құралдарын қолданатын жақындау бақылау диспетчері- жақындау диспетчерлік пунктісіне немесе шеңбер диспетчерлік пунктісіне немесе басқа диспетчерлік пункттерге (диспетчерлік пункттерді қоса атқарған кезде) дербес жұмысқа рұқсаты бар тұлғаларға беріледі;

3) ӘҚҚ ауданының процедуралық бақылау диспетчері немесе бақылау құралдарын қолданатын ӘҚҚ ауданының бақылау диспетчері біліктілігі – аудандық диспетчерлік пункт, аудандық диспетчерлік орталық немесе жергілікті диспетчерлік пункт жұмыс орнына дербес жұмысқа рұқсаты бар тұлғаларға беріледі.

47. Куәлігіне біліктілік және арнайы бағаларды енгізу үшін өтініш беруші уәкілетті органға мына құжаттарды ұсынады:

1) еркін түрде жазылған өтініш;

2) Осы Қағиданың 12-қосымшасына сәйкес нысанда (ӘҚҚ диспетчері үшін) біліктілік емтиханының өту хаттамасының көшірмесі;

3) соңғы инструктор ретінде (ӘҚҚ диспетчері үшін) даярлау курстарының өткендігін және ұшу тексерісі (қажет болса) нәтижесін растайтын құжаттардың көшірмесі;

4) куәлік түпнұсқасы;

5) мамандық бойынша соңғы біліктілікті қолдау курстарын өткендігін растайтын құжаттардың көшірмелері;

6) радиотелефон байланысында қолданылатын (қажет болған жағдайда) ағылшын тілі білімін тестілеуден өткендігін растайтын сертификаттың көшірмесі.

4-параграф. Әуе кемесіне техникалық қызмет көрсету қызметкерлерінің куәліктеріне кәсіби және арнайы белгілер енгізу

48. Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі маманының куәліктеріне келесі санаттар кіреді:

- А санаты;
- В1 санаты;
- В2 санаты;
- В3 санаты;
- С санаты.

А1 және В1 санаттары ұшақтар, тікұшақтар, реактивті және піспекті қозғалтқыштар комбинацияларына қатысты санат бөліктеріне бөлінеді:

- А1 және В1.1 – реактивті қозғалтқыштары бар ұшақтар;
- А2 және В1.2 – піспекті қозғалтқыштары бар ұшақтар;
- А3 және В1.3 – реактивті қозғалтқыштары бар тікұшақтар;
- А4 және В1.4 – піспекті қозғалтқыштары бар тікұшақтар.

49. Әуе кемесіне техникалық қызмет көрсету бойынша персонал куәліктеріне кәсіби және арнайы белгілер енгізу үшін әуе кемелері келесі топтар бойынша анықталады:

1) 1-топ: құрама қозғалтқышты қондырғылары бар тікұшақтар, ең көп пайдаланылатын ұшу биіктігі 29000 футтан артық ұшақтар сияқты, көп қозғалтқышты ӘК, ұшақты қашықтан электр басқару жүйесімен жабдықталған ӘК және Уәкілетті орган анықтайтын ӘК типті біліктілік белгілерін енгізуді талап ететін басқа ӘК.

2) 2-топ: 1-топқа жатпайтын басқа ӘК, олар келесі топ бөліктеріне тиесілі:

- 1) 2а-топ бөлігі: бір турбобұрандалы қозғалтқышы бар ұшақтар;
- 2) 2b-топ бөлігі: бір реактивті қозғалтқышы бар тікұшақтар;
- 3) 2с-топ бөлігі: бір піспекті қозғалтқышы бар тікұшақтар;
- 4) 3-топ: 1-топта көрсетілмеген, піспекті қозғалтқышы бар ұшақтар.

5) максималды салмағы 2250 кг және төмен массалы герметикалық емес жеңіл поршенді әуе кемелері

50. Мәлімдеуші уәкілетті органға "В1" или "В2" санаттары бойынша Куәлікке біліктілік белгісін "Ratings" бағанға енгізу үшін төмедегі құжаттарды ұсынады:

1) Осы Ереженің 14 қосымшасына сәйкес әуе кемелерінің түрлерін, қозғалтқышын және оны иеленетін үміткердің Куәлік санатын көрсете отырып, әуе кемелеріне қызмет көрсету бойынша қызметкердің өтініші;

2) әуе кемелерінің түріне практикалық және теориялық элементтерден өткендігі туралы құжаттардың көшірмелері, ал қажет болған жағдайда практикалық тағлымдамадан өту туралы жазбалар. Егер сертификат қайсысы өткізгеніне сәйкес ТО және РАТ уәкілетті органымен расталған болса, практикадан өту нәтижесі жөніндегі сертификатты ұсыну рұқсат етіледі.

51. Мәлімдеуші уәкілетті органға Куәліктің "Ratings" біліктілік бағанына "С" санаты белгілерін енгізу үшін төмендегі құжаттарды ұсынады:

2) Әуе кеме түріне оқуды және оқудың теориялық бөлімінен кейінгі емтиханды растайтын сертификат көшірмелері ("С" санатының бірінші жазбасы үшін), ал "С" санаты бойынша әрбір иесі жазба үшін мәлімденген ӘК 1 деңгейі бойынша оқуды дәлелдейтін (әуе кемесімен жалпы танысу оқытуды растайтын) сертификат. Егер "С" санатын алатын үміткер куәлікке енгізілген сондай ӘК және қозғалтқыш түрінен "В1" және "В2" санаттары белгісі бойынша алатын болса, онда теориялық оқуды өткендегі туралы бөлек сертификат ұсыну қажет емес.

3) ТО және РАТ мекемелерінде жұмыс өтілін растайтын мемлекеттік авиация немесе әуе кемелерінің өндірісі кезінде алынған құжаттардың көшірмелері.

52. Уәкілетті орган "С" санаты біліктілік белгілерді әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету персоналына ТО және РАТ мекемелерінің хаты негізінде енгізеді ТО және РАТ мекемелері "С" санатты персоналды әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетудің өзінің негізгі жоспарланған жұмыстарын орындау үшін сертификатталған қызметкерлердің қажеттілік не жеткіліктік принципін басшылыққа ала отырып сұратады.

